



Ата аналармен серіктесе жұмыс жасаудың аспектілері

Тәрбиеші: Аманкелді К.



Мақсаты:


Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып , отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.



Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ереше екенін түсіндіру , ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту. Балабақша мен ата-аналардың тұрақты қарым-қатынасының тиімді модельдерін іздестіру .





Міндеті:

Педагогикалық үрдіске ата-аналарды жүйелеп тарту. Біріккен шығармашылық жұмыстарға ата-аналар мен балалар күштерін біріктіру. Ата-ананың бала тәрбиесіне жауапкершілік сезімін арттыру. Ата-ананың өмірге деген көз қарасын өзгерту. Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін көрсету .





«Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мұң» деп Ұлы Абай айтқандай, балалардың тәрбиесіне ерте жастан мән беру керек. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстазы ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, әдептілік сияқты қасиеттер отбасында балаға сөзбен , теориямен дамымайды, үлкендердің ісімен сіңеді. Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға . Сондықтан әке де, ана да баларының жан дүниесіне үңіліп мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Әрбір ата-ана балабақшаға келіп күнделікті өткізілетін іс-әрекеттерге қатысып отырса, меркелік ертеңгіліктерге атсалысып жүрсе, ол ата-ана баласының көпшілік ортада өзін қалай ұстайтынын, басқалармен қалай араласып, тіл табысуын, білім деңгейін зерттей алады. Сондай ақ өзінің берген тәрбиесінің дұрыс-бұрыстығына бір сәт көз жүгіртеді. Ата аналарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз баларының ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, балалармен қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па , үйде және балабақшада өзін қалай ұстайтынын салыстырады .



«Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары:





Ата-аналар конференциясы :

конференцияның негізгі мақсаты – отбасылық тәрбиелеудің тәжірибесімен бөлісу. Ата-аналар конференциясы белгілі бір мәселенің жай-жапсарын шешудің нақты жолдары және ата-аналардың мәдениетін арттыратын формалардың бірі.



Ата-анамен жеке жұмыс:

отбасы мен балабақша өзара іс-әрекетінің басты формаларының бірі болып табылады. Бұл форманың артықшылығы , отбасын зерттеу , ата-аналармен сұхбат, ата-аналардың балалармен топта , үйдегі әңгімелесуін бақылау арқылы педагогтардың баламен біріккен іс-әрекеттің нақты жолдарын белгілеуінде. Тәрбиешінің ата-аналармен сұхбаты педагогтың отбасымен байланысының қолжетімді формасы.



Ата-аналар бұрышы:

ақпараттық насихаттаудың бірден бір көзі. Ата-аналар бұрышының материалдарын мазмұны бойынша екі бөлімге бөледі :

- Ақпараттық сипаттағы материалдар: ата-аналарға арналған ереже, күн тәртібі, әртүрлі сипаттағы хабарландырулар.
- Балабақша мен отбасында бала тәрбиесі сұрақтарын жариялайтын материалдар.



Тренинг:

ата-анамен жұмыстың бір формасы . Тренинг –білімді дамыту немесе адамды оқытуда жоспарланған жағдайда жүйелі күш салу арқылы орындау. Тренингтік ойын жаттығулары мен тапсырмалары ата-ана және баламен іс-әрекеттің қарым- қатынас үйлесімділігін орнатып және қарым-қатынастағы қиындықтардың себебін ұғыну динамикасына ықпал жасайды. Ойын тренингіне тартылған ата-ана баламен сөйлесіп, балның ашылуына көмек береді.



Көрмелер:

ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейлінше қызықты етіп өткізуіне үлес қосу үшін ата-анамен жұмыстың тиімді формасы болып табылады. Ата-аналар әртүрлі тақырыпқа сай сәндік сурет салу, немесе қалдық заттардан бұйымдар жасауға жетекшілік етеді. Отбасы мүшелерінің шығармашылық жұмыстары баланы салауатты өмір салтына бейімдейді.



Сауалнама жүргізу: сауалнама жүргізу барысында ата-аналар бала тәрбиесіне деген көптеген сұрақтардың жауабын ала алады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс тилектерімен санаса отырып, отбасы тәрбиесіне байланысты педагогикалық әдіс тәсілдер қарастырылады.



Отбасылық сайыстар :

Ата-аналар мен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, баланың ата-ана өміріндегі маңызын, ата-аналардың балаларға деген қарым-қатынасы нығая түседі. Ата-аналар арасында балабақша ішілік іс-шараларға деген қызығушылықтары мен бәсекелестік артады. Ата-ана балабақшадағы отбасылық сайыстарға, іс-шараларға қатысқан кезде балаға жақын болудың, онымен ашық сөйлесудің, балаға көбірек көңіл бөлудің маңыздылығын түсінеді.



Ашық есік күні:

Ата-анамен мейлінше кең тарған жұмыс формасының бірі. Ата-аналарды тәрбиелеу, оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ашық есік күніне ата-аналардың қатысуы балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары туралы ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады, баламен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйренеді.



Отбасылық альбомдар, бақытты отбасы газетінде

ата-аналар ынтымақтаса баламен бірге орындаған жұмыстардың нәтижелерін корсетеді. Ата-анамен жұмыстың осындай формалары балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына ықпал етеді.


II. Ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатудағы ойын түрлері:

«Құрылысшылар» жобасы

Мақсаты: ата-ана мен тәрбиеші арасындағы бірлескен шешім табуды дамыту. Құрал: қағаздар, кубиктер,
.Өткізу:– Ата-аналар 3 топқа бөлінеді.– Әр топқа тапсырма беріледі: «5 минут ішінде ең биік және мықты мұнара құрыңыз».– Мұнараны жасап болған соң, топ 10 секундтық таныстыру жасайды. :Бала тәрбиесінде де дәл осылай – әркім өз үлесін қосқанда ғана нәтиже мықты болады.

«Мені түсін!»

Мақсаты: ата-ананың баланы түсіну қабілетін дамыту.
Өткізу:– Үш карточка: қуаныш, реніш, қызығушылық.– Ата-аналар карточканың бірін таңдайды және сол эмоцияны мимикамен көрсетеді.– Басқалары эмоцияны табады.
Қорытынды:Мұғалім ата-аналарға:«Баланың сезімін тану – серіктестіктің алғашқы қадамы» деп түсіндіреді.



«Серіктестік ағашы»

Тақтаға үлкен ағаш бейнесі ілінеді.Әр ата-ана жапыраққа бір сөз жазады:«Мен балам үшін...»Мысалы: қолдаймын, тыңдаймын, бірге үйренемін, түсінемін, сыйлаймын.

Мен өзімнің іс-тәжірибемде **« Менің бір күнім »** атты газетті қолдана отырып ата-аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиесіндегі рөлін анықтап, ата-аналарға бала тәрбиелеуге қатысты кеңестерді бере білуге болатынын өзіме түйдім келешекте өз жоспарыма енгізіп жасаған жұмыстарымды көрсетемін.

«Менің бір күнім» атты отбасылық газет үлкен алма ағашы. Ағаштың тамыры ата-ана, діңгегі тәрбиеші, жапырағы балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін берері анық. Күнделікті балабақша ішілік жұмыстарға, іс-шараларға, әр түрлі тақырыптағы әдеби кештерге, отбасылық сайыстарға қатысқан ата-аналар өздерінің ризашылығын білдіріп, тілкетерін жазып іледі. Осындай отбасылық газеттер балабақша жұмысының артуына оң нәтижесін береді.

Ата-аналар тәрбиеші тарапынан көрсетілген көмектің тиімділігіне көзі жеткенде ғана қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады.



Қорытынды:

Қорыта келе айтатын болсам « Ата-аналармен жұмыстың формаларын қолдануда, балабақшадағы мектепке дейінгі білім беру үрдісіне отбасыны тарту барысында, ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершіліктері артып, баланы тәрбиелеу мен оқытуда өздерінің басты рөл атқаратынын сезді. Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен позициясы өзгерді. Көптеген балабақша ішілік іс-шараларға қатысу барысында балаларының алдында ата-аналарының, ата-аналар алдында педагогтар беделі көтерілді. Ата-ана, бала және тәрбиеші тығыз байланыста болып, ата-анаға дұрыс бағыт бағдар берген жағдайда мектепке дейінгі тәрбие сапасы жоғары болмақ.

